

**Қазақстан Республикасының зейнетақы қоры мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік сақтандыру қорына мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаржыларынан аударым жасаудың мөлшері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 26 қазан N 1063. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.19. N 477 қаулысымен.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударым қаржыларын ұтымды пайдалану мақсатында және "1993 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1993 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналардың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының зейнетақы қоры мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік сақтандыру қоры арасында тиісінше 90 және 10 процент мөлшерінде бөлінеді деп белгіленсін.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды

бөлудің бұл тәртібі 1993 жылғы 1 қазаннан бастап қолданылатын болсын.

2. "Қазақстан Республикасының зейнетақы қоры мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қаржыларынан аударым жасаудың мөлшері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 31 қаңтардағы N 85 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1992 ж. N 4, 79-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК